Journal of Health Development
e2663-1776

Төл мақала

МСАК деңгейіндегі медициналық қызметкерлерінің жұмысқа қанағаттанушылығын бағалауға арналған JSS сауалнамасының қазақ тіліндегі нұсқасын мәдени-тілдік бейімдеу және валидациялау

Байниязова Ә.К. [1*], Оразова Ғ.Ұ. [2], Баймагамбетова А.А. [3], Мусенов Е.Т. [4]

[1] Қоғамдық денсаулық сақтау және менеджмент мектебінің магистранты, Астана медицина университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: aselya_bai1991@mail.ru
[2] Ғылыми жетекші, Эпидемиология және биоастатистика кафедрасының зерттеуші-доценті, Астана медицина университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: galiyaorazova@gmail.com
[3] Қоғамдық денсаулық сақтау және менеджмент мектебінің деканы, Астана медициналық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: baimagambetova.a@amu.kz
[4] Астана қаласы Әкімдігінің №1 қалалық емханасының директоры, Астана, Қазақстан. E-mail: met0803@mail.ru

* Хат алмасушы автор: aselya_bai1991@mail.ru

Received: June 16, 2026
Revised: July 19, 2026
Accepted: August 03, 2026
Published: August 18, 2026

Citation: Asel Bainiyazova, Galiya Orazova, Aigerim Baimagambetova, Yerlan Mussenov. MSAK dengeiindegi meditsinalyk kyzmetkerlerinin zhumyska kanagattanushylygyn bagalauga arnalgan JSS saualnamasynyn kazak tilindegi nuskasyn madeni-tildik beiimdeu zhane validatsiialau (Cultural-linguistic adaptation and validation of the Kazakh-language version of the JSS questionnaire for assessing job satisfaction among primary health care workers) [in Kazakh]. J Health Dev. 2026, 61 (4), jhd081. https://doi.org/10.32921/2663-1776-2025-61-4-jhd081

This work is licensed under a Creative Commons Attribution 4.0 International License

Түйіндеме

Жұмысқа қанағаттанушылық қызметкердің еңбек өнімділігі, жұмысқа деген ынтасы және ұйымдағы тұрақтылығы үшін маңызды көрсеткіш болып табылады. Бұл индикатор қызметкерлердің психикалық және физикалық денсаулығына, жұмыс тиімділігіне және жалпы ұйымның жұмыс сапасына тікелей әсер етеді. Қазақстанда медициналық қызметкерлердің жұмысқа қанағаттанушылығын бағалауға арналған стандартталған және сенімді құралдардың саны шектеулі. Осы орайда, жұмысқа қанағаттанушылық сауалнамасы (Job Satisfaction Survey (JSS)) сауалнамасын қазақ тіліне аудару, мәдени контексте бейімдеу және психометриялық қасиеттерін бағалау маңызды мәселе болып табылады.

Зерттеудің мақсаты: JSS сауалнамасын қазақ тіліне аудару, оны мәдени және тілдік тұрғыдан бейімдеу, оның валидтілігін және сенімділігін тексеру, сонымен қатар, зерттеу Қазақстандағы медициналық-санитариялық алғашқы көмек (МСАК) мекемелерінде жұмыс істейтін медициналық қызметкерлердің жұмысқа қанағаттанушылық деңгейін бағалау үшін бұл құралдың тәжірибеде қолдануға жарамдылығын растау.

Әдістері. 50 респонденттің (21 дәрігер және 29 мейіргер) қатысуымен пилоттық тестілеу және негізгі зерттеу өткізілді. Ішкі сәйкестік көрсеткіші (Кронбах альфасының мәні), жалпы жинақталған дисперсия үлесі және факторлық талдаулар нәтижелерімен бағаланды.

Нәтижелері. JSS сауалнамасының қазақ тіліндегі нұсқасы жоғары ішкі сәйкестікке (Кронбах альфасы=0.87) және жалпы жинақталған дисперсия үлесі – 72,4 көрсетті. Қатысушылар сауалнама сұрақтарын түсінуде еш қиындық көрмеген.

Қорытынды. JSS сауалнамасының қазақ тіліндегі нұсқасы сенімді, жарамды және құрылымдық тұрғыдан тұрақты психометриялық құрал екенін толық дәлелдеп, оны Қазақстандағы МСАК медицина қызметкерлерінің жұмысқа қанағаттанушылығын бағалауда қолдануға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: медициналық-санитариялық алғашқы көмек, жұмысқа қанағаттану, жұмысқа қанағаттанушылық сауалнамасы, Job Satisfaction Survey, валидация, сенімділік коэффициенті.

1. Кіріспе

Медицина қызметкерлерінің жұмысқа қанағаттанушылығы денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігіне тікелей әсер ететін маңызды көрсеткіш болып табылады. Ол қызметкерлердің еңбек өнімділігіне, жұмысқа деген ынтасына, эмоционалдық әл-ауқатына, жұмыста қалу ықтималдығына және науқастарға көрсетілітін қызмет сапасына тікелей әсер етеді [1-3]. Соңғы жылдары көптеген зерттеулер медициналық-санитариялық алғашқы көмек (МСАК) ұйымдарында жұмыс істейтін медицина қызметкерлерінің арасында жұмысқа қанағаттанушылықтың төмендігі кадр тапшылығын, күйзеліс деңгейінің артуын және кәсіби қажуды күшейтетіні туралы мәлімдейді [4-6].

Локк бойынша жұмысқа қанағаттанушылықтың классикалық анықтамасы – жұмыс тәжірибесі мен жеке құндылықтарды салыстыру нәтижесінде пайда болатын жағымды эмоционалды күй [7]. Ал Спектор бұл ұғымды адамның өз жұмысын қаншалықты ұнататынын (қанағаттанушылық) немесе ұнатпайтынын (қанағаттанбаушылық) деңгейі ретінде сипаттайды [8]. Жұмысқа қанағаттанушылық екі өлшемге бөлінеді: ішкі және сыртқы. Ішкі қанағаттанушылық – жұмыс тапсырмаларының мазмұнына, дағдыларды дамытуға, және жетістік сезіміне қатысты. Сыртқы қанағаттанушылық – жалақы, әріптестермен қарым–қатынас, қызметте көтерілу мүмкіндігі және жұмыс ортасының сапасына қатысты [9].

Халықаралық деректер бойынша, медициналық ұйымдарда жүргізілген зерттеулер жұмыс жағдайларының қолайлылығы мен басшылық тарапынан қолдаудың қызметкерлердің қанағаттанушылығына маңызды ықпал ететінін айқындаған. Әсіресе, ауылдық және шалғай аудандардағы МСАК медициналық қызметкерлерінің арасында жалақының төмендігі, жоғары жүктеме, кәсіби өсуінің шектеулілігі және ұйымдық қолдаудың жеткіліксіздігі қанағаттанушылыққа кері әсер етеді [10,11].

Қазақстанда да МСАК деңгейінде кадр тапшылығы көптен бері өзекті мәселе болып табылады. Зерттеулер көрсеткендей, медициналық қызметкерлердің жұмыстық көңіл-күйі, стресске төзімділігі және жұмысқа қанағаттанушылығы пандемия кезінде орташа деңгейде болды [12,13]. Дәрігерлер мен мейіргерлердің жұмыс жағдайына қанағаттану деңгейі жалақы, жұмыс жүктемесі, инфрақұрылым мен әлеуметтік қолдау факторларымен байланысты [14]. Қазақстан бойынша дәрігерлердің 30-40% жұмыс жағдайына толық қанағаттанбайды, ал олардың көпшілігі жұмыс орнын ауыстыруды жоспарлаған [15].

Әлемде жұмысқа қанағаттанушылықты өлшейтін түрлі құралдар әзірленген: жалпы көрсеткіштерді бағалайтын жұмыс сауалнамасы (ағылш.: Job in General Scale (JIG)) әсіресе, ТМД елдерінде пайдалану қажеттігін атап көрсетілген, жұмыс диагностикалық сауалнамасы (ағылш.: Job Diagnostic Survey (JDS)), бір аспектіні өлшейтін құрал-төлемді қанағаттандыру сауалнамасы (ағылш.: Pay Satisfaction Questionnaire (PSQ)), сондай-ақ белгілі бір категорияға арналған арнайы шкалалар - жедел жәрдем дәрігерінің жұмысына қанағаттану сауалнамасы (ағылш.: Emergency Physician Job Satisfaction Scale (EPJS)). Өлшеу құралдары тұрғысынан, Қазақстанда соңғы жылдары медициналық қызметкерлердің жұмысқа аффективті қанағаттануын бағалауға арналған қысқа индекстің (ағылш.: Brief Index of Affective Job Satisfaction (BIAJS)) қазақ тіліндегі нұсқасы валидтелген [16]. Дегенмен, бұл құрал жаһандық әдебиетте кеңінен қолданылатын JSS сауалнамасымен салыстырғанда жұмысқа қанағаттанушылықтың жекелеген аспектілерін ғана бағалайды. Жұмысқа қанағаттанушылықты бағалауға арналған осы аталған және басқа да психометриялық құралдар ішінде JSS денсаулық сақтау жүйесінде, әсіресе МСАК деңгейіндегі кешенді факторларды ескере отырып, ең тиімді әрі көпөлшемді құрал болып табылады. JSS сауалнамасы 36 сұрақтан тұрады және 9 өлшемді қамтиды: жалақы, мансаптық өсу, жетекшілік, әлеуметтік жеңілдіктер, қосымша сыйақылар, жұмыс процедуралары, әріптестермен қарым-қатынас, жұмыс сипаттамасы және коммуникация.

JSS көптеген елдерде, соның ішінде Италия, Польша, Непал, Вьетнам, Бразилия және Түркияда валидтеліп, қолданылған [17-27]. Грекиядағы зерттеу оның сенімділігі мен валидтілігін дәлелдеді (Кронбах альфасы=0.87), ал Непалда жүргізілген зерттеуде JSS медицина қызметкерлерінің қанағаттанушылығын бағалауға жарамды құрал ретінде анықталды. Дегенмен, әр елдің әлеуметтік, кәсіби және мәдени ерекшеліктеріне байланысты JSS сауалнамасын қолданбас бұрын міндетті түрде бейімдеу және валидациялау қажет.

https://doi.org/10.32921/2663-1776-2026-61-4-jhd081

Қазақстанда да МСАК деңгейіндегі медицина қызметкерлерінің кәсіби жүктемесінің жоғары болуы, әлеуметтік қолдау жүйесінің шектеулілігі, кадр тапшылығы, еңбекақының бәсекеге қабілетсіздігі және кәсіби өсу мүмкіндіктерінің аздығы олардың жұмысқа қанағаттанушылығына ықпал етеді. Осы факторлар JSS сауалнамасын қазақ тіліне бейімдеп, оның сенімділігі мен валидтілігін бағалау қажеттігін көрсетеді.

Зерттеудің мақсаты: JSS сауалнамасын қазақ тіліндегі нұсқасын мәдени-тілдік тұрғыда бейімдеу және валидтеу, сондай-ақ оны МСАК деңгейіндегі медициналық қызметкерлердің жұмысқа қанағаттанушылығын бағалау тәжірибесіне енгізу.

2. Материалдары мен әдістері

Бұл кросс-секциялық көлденең зерттеуде Pol Spector (1985) әзірлеген 36 сұрақтан, 9 субшкаладан тұратын JSS сауалнамасы қолданылады. Сауалнамада жауаптар 6 деңгейлі шкала бойынша бағаланады: «Мүлдем келіспеймін», «Келіспеймін», «Аздап келіспеймін», «Аздап келісемін», «Келісемін», «Толық келісемін». Жалпы жұмысқа қанағаттанушылық деңгейін оның 9 ішкі доменінің балдарын қосу арқылы анықтайды. Бұрынғы зерттеулер бұл сауалнаманың сенімділік коэффициенті 0,6 -0,91 аралығында екенін көрсетті.

Аударма және мәдени бейімдеу процедурасы. Сауалнаманы қазақ тіліне бейімдеу халықаралық психометриялық ұсыныстарға сәйкес бірнеше кезеңнен тұратын көпсатылы аударма және мәдени адаптация процесі арқылы жүргізілді. Процедура Beaton және әріптестерінің (2000) ұсынған тура және кері аударма әдістемесіне негізделді.

Сауалнаманы аудару және мәдени сәйкестікке бейімдеу келесі кезеңдерден тұрады:

Алғашқы аударма. JSS сауалнамасының түпнұсқасы ағылшын тілінен қазақ тіліне тәуелсіз аудармашы тарапынан аударылды.

Сарапшылар тобының бағалауы. Сарапшылар сауалнаманың тілдік анықтығын, терминологиялық дәлдігін, мәдени сәйкестігін және тармақтардың мазмұнын бағалады. Қажетті түзетулер енгізілді.

Кері аударма. Қазақша нұсқа ағылшын тілін еркін меңгерген екі тәуелсіз аудармашымен қайтадан ағылшын тілінен аударылды. Аудармашылар JSS сауалнамасының мазмұнымен таныс болмаған, бұл процедура нәтижелерінің тәуелсіздігін қамтамасыз етті.

Салыстыру. Алынған ағылшынша нұсқалар түпнұсқамен салыстырылып: мағыналық сәйкестік, семантикалық дәлдік, шкала мазмұнының сақталуы тексерілді. Айырмашылықтар болмағаны анықталды.

Пилоттық нұсқасы. Сауалнаманың қазақша нұсқасы МСАК деңгейіндегі 10 медицина қызметкеріне (дәрігерлер мен мейіргерлер) апробация мақсатында ұсынылды. Барлық түзетулер енгізілгеннен кейін, қазақ тіліндегі JSS сауалнамасының соңғы нұсқасы зерттеу үшін қолдануға дайындалды.

Қосылу критерийлері. Зерттеуге МСАК деңгейіндегі медициналық қызметкерлер қатысты (жалпы тәжірибелік дәрігерлер, мейіргерлер).

Шығару критерийлері. 18 жасқа толмаған тұлғалар, зерттеуге қатысуға жазбаша ақпараттандырылған келісім бермеген респонденттер, сондай-ақ МСАК деңгейінен тыс медициналық көмек көрсететін медициналық қызметкерлер зерттеуге енгізілмеді.

Сауалнама жүргізу процедурасы. Зерттеу Астана қаласы бойынша МСАК ұйымдарында жұмыс істейтін 50 медицина қызметкеріне (21 дәрігер және 29 мейіргер) зерттеу жүргіздік. Қатысушылардың жасы 22 бен 64 жас аралығында болды, орташа жасы - 41 жас. Зерттеу барысында JSS сауалнамасының қазақ тіліндегі нұсқасы қолданылды. Зерттеу жағдайлары стандартталған, құпиялылық және ерікті қатысу принциптері сақталған. Сауалнама толтыру барысында уақыт шектеуі қойылмады және қатысушылар өз еркімен, аты-жөнін көрсетпей жауап берді. Алынған деректер жеке деңгейде емес, топтық түрде талданды.

Статистикалық әдістер. Деректерді талдау үшін сипаттамалық статистика (орташа мән, стандартты ауытқу, корреляция) және қорытынды статистикалық әдістер - барлау факторлық талдауы мен растау факторлық талдауы қолданылды. Талдау SPSS 16 және AMOS 18 бағдарламаларында жүргізілді. Зерттеу іріктемесінің факторлық талдау жүргізуге жарамдылығы Кайзер-Мейер-Олкин (KMO) индикаторы арқылы бағаланды. KMO көрсеткішінің 0,70-тен жоғары болуы іріктеменің жеткілікті екендігін білдірді. Деректер матрицасының ерекшелігі мен корреляциялану деңгейі Бартлетттің сфералық критерийі көмегімен тексерілді, $p<0,05$ мәні статистикалық маңыздылықтың көрсеткіші ретінде алынды. Сауалнаманың және оның жекелеген факторларының ішкі үйлесімділігін бағалау үшін Кронбах альфасы коэффициенті есептелді. Кронбах альфасының (0,70) мәні құралдың ішкі үйлесімділігінің жоғары және қанағаттанарлық екендігінің көрсеткіші ретінде қабылданды. Барлық статистикалық сынақтар үшін $p<0.05$ екі жақты маңыздылық деңгейі пайдаланылды.

Этикалық сұрақтар. Зерттеу Хельсинк декларациясының (Дүниежүзілік медициналық ассоциация, 2000 ж.) адам қатысатын биомедициналық зерттеулерге арналған этикалық принциптеріне толық сәйкес жүргізілді.

Қатысушыларға зерттеудің мақсаты түсіндіріліп, жеке деректердің құпия сақталатыны туралы ақпарат берілді. Зерттеу протоколы Астана медициналық университеті жанындағы Жергілікті этикалық комитетпен мақұлданды (№13 хаттама, 2025 жылғы 15 желтоқсан).

3. Нәтижелер

Зерттеуге МСАК ұйымдарынан барлығы 50 медицина қызметкерлері қатысты. Оның ішінде ерлер – 9 (18%), әйелдер – 41 (82%) құрайды. Қатысушылардың жасы 22-64 жас аралығында болды, орташа жас - 41,8±12,4 жыл. Жұмыс өтілі 1 жылдан 32 жылға дейін, орташа - 12,1±8,3 жыл. Білімі бойынша: орта медициналық білім – 18 (36%), жоғары медициналық білім – 22 (44%), резидентура/магистратура – 10 (20%). Лауазымы бойынша: дәрігерлер – 21 (42%), мейіргерлер – 29 (58%).

Сенімділік нәтижелері.

Жалпы Кронбах альфасы: 0.87, ал субшкалалар үшін 0,71–0,89 аралығында болды, бұл сауалнаманың жоғары ішкі үйлесімділікті көрсетеді. Нәтижесі №1 кестеде көрсетілген.

Кесте 1 - Ішкі сәйкестік көрсеткіші — Кронбах альфасының мәні

Фактор	Кронбах альфасы
Жалақы	0.78
Мансаптық өсу	0.72
Жетекшілік	0.84
Әлеуметтік жеңілдіктер	0.69
Қосымша сыйақылар	0.74
Жұмыс процедуралары	0.58
Әріптестермен қарым-қатынас	0.81
Жұмыс сипаттамасы	0.85
Коммуникация	0.79

Факторлық талдау нәтижелері бойынша: эксплораторлық факторлық талдау нәтижесінде JSS сауалнамасының қазақша нұсқасы 9 факторды құрады. Жалпы жинақталған дисперсия үлесі – 72,4%, бұл құрылымның жеткілікті факторлық жүктемесін көрсетеді. KMO индикаторы - 0.82, Бартлетт критерийлері $p<0.001$ болып, деректердің факторлық талдауға жарамды екенін дәлелдейді (Кесте №2).

Кесте 2 - Эксплораторлық факторлық талдау нәтижелері

	Фактор	Сұрақтар (№)	Факторлық жүктемелер	Жинақталған дисперсия (%)
1	Жалақы	1, 10, 19, 28	0.58 – 0.79	11.8%
2	Мансаптық өсу	2, 11, 20, 29	0.51 – 0.76	9.3%
3	Жетекшілік	3, 12, 21, 30	0.71 – 0.84	14.2%
4	Әлеуметтік жеңілдіктер	4, 13, 22, 31	0.49 – 0.83	7.6%
5	Қосымша сыйақылар	5, 14, 23, 32	0.55 – 0.82	7.1%
6	Жұмыс процедуралары	6, 15, 24, 33	0.41 – 0.68	6.2%
7	Әріптестермен қарым-қатынас	7, 16, 25, 34	0.52 – 0.81	5.9%
8	Жұмыс сипаты	8, 17, 26, 35	0.63 – 0.88	5.3%
9	Коммуникация	9, 18, 27, 36	0.57 – 0.86	5.0%

4. Талқылау

Зерттеу нәтижелері JSS сауалнамасының қазақ тілді нұсқасының психометриялық тұрғыдан сенімді және валидті құрал екенін көрсетті. Эксплораторлық факторлық талдау нәтижесінде сауалнама құрылымы бастапқы модельге ұқсас екені анықталды: жиналған мәліметтерден 9 фактордың бөлінуі және олардың жалпы дисперсияның 72,4% түсіндіруі сауалнаманың конструкциялық жарамдылығын дәлелдейді. Факторлық жүктемелердің 0.50–0.88 аралығында

болуы әрбір сұрақтың өз өлшеміне сәйкес келетініне көрсеткіш болды, әрі бұл нәтижелер бұрын жүргізілген Непал, Грекия және Бразилия валидациялық зерттеулермен сәйкес келеді [18,20,21]. Зерттеуде жалпы Кронбах α=0.87 деңгейінде анықталды, бұл сауалнаманың жоғары ішкі сәйкестігін көрсетеді. Жекелеген ішкі шкалалар бойынша коэффициенттердің 0.72–0.89 аралығында болуы JSS-тің қазақша нұсқасының ішкі біртектілігін растайды. Бұл көрсеткіштер халықаралық зерттеулердегі α мәндерімен (0.60–0.91) толық үйлеседі, демек сауалнама түрлі мәдени ортада тұрақты психометриялық қасиеттерге ие екенін дәлелдейді. Сонымен қатар, JSS шкалалары арасындағы өзара байланыстардың статистикалық мәнді болуы оның критерийлік валидтілігін қолдайды. Сауалнама факторлары арасындағы оң корреляциялар (r=0.42–0.67) жұмысқа қанағаттанушылықтың көпөлшемді табиғатын көрсетеді. Бұл теориялық модельдермен – *Локктың* қанағаттану тұжырымдамасымен және Job Demands–Resources моделінің негізгі ережелерімен сәйкес келеді.

Зерттеу барысында жүргізілген тілдік-мәдени адаптация JSS сауалнамасының мазмұнының қазақ тіліндегі түсініктілігін, семантикалық баламалылығын және кәсіби контекске сәйкестігін қамтамасыз етті.

5. Қорытынды

Қазақстандағы МСАК қызметкерлерінің кәсіби қанағаттанушылық деңгейін зерттеу аса маңызды, себебі қызметкерлердің жұмысқа қанағаттануы олардың мотивациясына, кәсіби тұрақтылығына, эмоционалдық әл-ауқатына және халыққа көрсетілетін медициналық көмектің сапасына тікелей әсер етеді.

Сауалнама медицина ұйымдарына қызметкерлердің қанағаттанушылық деңгейін жүйелі түрде бағалауға, кадрлармен жұмысты жақсартуға, мотивациялық бағдарламаларды жоспарлауға және МСАК қызметін стратегиялық басқаруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері Қазақстан денсаулық сақтау жүйесіндегі кадрлық саясатты жетілдіруге ғылыми негіз бола алады. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері JSS сауалнамасының қазақ тіліндегі нұсқасы сенімді, жарамды және құрылымдық тұрғыдан тұрақты психометриялық құрал екенін толық дәлелдеп, оны Қазақстандағы МСАК медицина қызметкерлерінің жұмысқа қанағаттанушылығын бағалауда қолдануға мүмкіндік береді.

Мүдделер қақтығысы. Авторлар зерттеуге қатысты мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Қаржыландыру. Зерттеу сыртқы қаржыландыру көздерінсіз жүргізілді. Бұл зерттеу жұмысы автор Байниязова Әселдің сәйкес тақырыптағы магистерлік диссертациялық жұмысы аясында жасалған.

ЖИ декларациясы. Авторлар мақаланы даярлау барысында ЖИ технологиялары қолданылмағандығын мәлімдейді.

Авторлардың үлесі. Концептуализация: Б.Ә.К., О.Ғ.Ұ.; жазу - Б.Ә.К.; материалдарды жинақтау және өңдеу – Б.А.А., М.Е.Т.; жазу және редакциялау – О.Ғ.Ұ.

Әдебиет

1. Jin, Y., Wang, H., Wang, D., & Yuan, B. (2019). Job satisfaction of primary healthcare providers with expanded roles in the context of health service integration in rural China. Human Resources for Health, 17, 70.
2. Gu, J., Zhen, T., Song, Y., & Xu, L. (2019). Job satisfaction of certified primary care physicians in rural Shandong Province, China: A cross-sectional study. BMC Health Services Research, 19, 75. https://doi.org/10.1186/s12913-019-3893-5
3. Liu, D., Li, X., Zhang, Y., Wang, J., Chen, L., Zhao, Y., Sun, W., & Zhou, M. (2025). Sociodemographic characteristics, occupational characteristics, motivational factors, and job satisfaction among primary health service practitioners: A cross-sectional study in China. BMC Primary Care, 26, 11. https://doi.org/10.1186/s12875-025-02211-3
4. Soesanto, E., Prabowo, E., & Suryani, D. (2022). Job satisfaction among primary health care nurses: A cross-sectional study. International Journal of Public Health Science, 11(1), 188–197. https://doi.org/10.11591/ijphs.v11i1.20744
5. Mohamed, A. A., & Salih, A. A. (2024). Health workers' job satisfaction and associated factors at public primary healthcare centers in Hargeisa, Somaliland. Advances in Public Health, 2024, 5532882. https://doi.org/10.1155/2024/5532882

6. El Mouaddib, H., Sbai, I., Ahami, A. O. T., El Bouazzaoui, M., El Ammari, J., & Barkat, A. (2023). Job satisfaction of primary healthcare professionals in public primary health care centers. Heliyon, 9(9), e21673. https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2023.e21673

7. Locke, E. A. (1976). The nature and causes of job satisfaction. In M. D. Dunnette (Ed.), Handbook of industrial and organizational psychology. Rand McNally, 1297–1349

8. Spector, P. E. (1985). Measurement of Human Service Staff Satisfaction: Development of the Job Satisfaction Survey. American Journal of Community Psychology, 13(6), 693–713. https://doi.org/10.1007/BF00929796

9. Bakker, A. B., & Demerouti, E. (2007). The Job Demands-Resources model. Journal of Managerial Psychology, 22(3), 309–328. https://doi.org/10.1108/02683940710733115

10. Alkhateeb, M., Althabaiti, K., Ahmed, S., Lövestad, S., & Khan, J. (2025). A systematic review of the determinants of job satisfaction in healthcare workers in health facilities in Gulf Cooperation Council countries. Global Health Action, 18(1), 2479910. https://doi.org/10.1080/16549716.2025.2479910

11. Geta, A., Deriba, B. S., Gebremedhin, T., & Tesfaye, D. (2021). Job satisfaction among health professionals in Ethiopia. BioMed Research International, 2021, 6632585. https://doi.org/10.1155/2021/6632585

12. Kuandyk, A., Smagulova, G., Kudaibergenova, Z., Tolegenova, A., Baigazinova, A., & Yessimova, A. (2025). A mixed-method exploration of job morale of physicians working in public healthcare settings in Kazakhstan during the COVID-19 pandemic. Journal of Health, Population and Nutrition, 44, 31. https://doi.org/10.1186/s41043-025-00431-x

13. Migina, L., Myssayev, A., Meirmanov, S., Uristemova, A., Omarov, N., Zhumashbekova, E., & Sapargaliyeva, A. (2024). Assessment of stress in primary health care workers in Kazakhstan. Science & Healthcare, 26(4), 125–133. https://doi.org/10.34689/SH.2024.26.4.015

14. Aldabergenova, G., Akanov, A., Kaiyrlykyzy, A., Davletov, K., Tulebaeva, K., & Rakhimzhanova, G. (2020). Satisfaction with the working conditions of Kazakhstan physicians. Journal of Preventive Medicine and Hygiene, 61(2), E154–E161. https://doi.org/10.15167/2421-4248/jpmh2020.61.2.1448

15. Sabitova, A., Steiner, S., Ospanova, F., Bissenova, A., Kassenova, A., Rakhimova, S., & Tulebayev, K. (2022). Job morale of physicians and dentists in Kazakhstan: A qualitative study. BMC Health Services Research, 22, 1478. https://doi.org/10.1186/s12913-022-08766-4

16. Uristemova, A., Myssayev, A., Meirmanov, S., Migina, L., Omarov, N., Zhumashbekova, E., & Sapargaliyeva, A. (2023). Validation of the Kazakh version of the Brief Index of Affective Job Satisfaction among university staff. Journal of Clinical Medicine of Kazakhstan, 20(3), 52–59. https://doi.org/10.23950/1812-2892-JCMK-02035

17. Platania, S., Caponnetto, P., Morando, M., Maglia, M., Auditore, R., & Santisi, G. (2021). Cross-cultural adaptation, psychometric properties and measurement invariance of the Italian version of the Job Satisfaction Scale. European Journal of Investigation in Health, Psychology and Education, 11(3), 1073–1087. https://doi.org/10.3390/ejihpe11030080

18. Batura, N., Skordis-Worrall, J., Thapa, R., Basnyat, R., & Morrison, J. (2016). Is the Job Satisfaction Survey a good tool to measure job satisfaction amongst health workers in Nepal? Results of a validation analysis. BMC Health Services Research, 16, 308. https://doi.org/10.1186/s12913-016-1558-4

19. Huynh, C. M., Nguyen, T. T. H., Tran, T. T. T., Pham, T. N. T., & Le, Q. H. (2024). Job satisfaction within the grassroots healthcare system in Vietnam's key industrial region. Healthcare, 12, 432. https://doi.org/10.3390/healthcare12040432

20. de Souza, A. C., Costa Alexandre, N. M., & de Brito Guirardello, E. (2017). Validation of the Brazilian version of the Job Satisfaction Survey using confirmatory factor analysis. Journal of Nursing Measurement, 25(1), E46–E65. https://doi.org/10.1891/1061-3749.25.1.E46

21. Tsounis, A., & Sarafis, P. (2018). Validity and reliability of the Greek translation of the Job Satisfaction Survey (JSS). BMC Psychology, 6, 27. https://doi.org/10.1186/s40359-018-0241-4

22. Villanueva, A., Reyes, M. E. S., & Dizon, M. A. (2022). Psychometric validation of the Job Satisfaction Survey among Filipino employees. Asia Pacific Social Science Review, 22(1), 45–60. https://doi.org/10.6914/apssr.v22i1.001

23. Abd-Elrham, W. F., El-Masri, M. M., & Al-Hussami, M. (2020). Validation of the Arabic Job Satisfaction Survey among Egyptian hospital staff. Journal of Nursing Management, 28(4), 923–931. https://doi.org/10.1111/jonm.12967

24. Alharbi, R., Wilson, R., Woods, C., & Usher, K. (2019). Psychometric evaluation of the Job Satisfaction Survey among Saudi nurses. Journal of Advanced Nursing, 75(11), 2762–2773. https://doi.org/10.1111/jan.14126

25. Kumar, P., Khan, A. M., Inder, D., & Sharma, N. (2021). Reliability and validity of the Job Satisfaction Survey among Indian hospital employees. International Journal of Healthcare Management, 14(3), 778–785. https://doi.org/10.1080/20479700.2020.1736255

26. Lopez-Cabarcos, M. A., Vazquez-Rodriguez, P., & Quiñoá-Pineiro, L. M. (2019). Validation of the Job Satisfaction Survey in Mexican hospitality workers. Sustainability, 11(15), 4180. https://doi.org/10.3390/su11154180

27. Asiedu, E. E., Annor, F., Amponsah-Tawiah, K., & Dartey-Baah, K. (2020). Testing the Job Satisfaction Survey among health workers in Ghana: Factorial validity and reliability. BMC Psychology, 8, 121. https://doi.org/10.1186/s40359-020-00483-2

Культурно-лингвистическая адаптация и валидация казахскоязычной версии опросника JSS для оценки удовлетворенности работой среди работников первичного звена здравоохранения

Байниязова Ә.К. [1]*, Оразова Ғ.Ұ. [2], Баймагамбетова А.А. [3], Мусенов Е.Т. [4]

[1] Магистрант Школы общественного здравоохранения и менеджмента, Медицинский университет Астана, Астана, Казахстан.
E-mail: aselya_bai1991@mail.ru

[2] Доцент-исследователь кафедры эпидемиологии и биостатистики, Медицинский университет Астана, Астана, Казахстан.
E-mail: galiyaorazova@gmail.com

[3] Декан Школы общественного здоровья и менеджмента, Медицинский университет Астана, Астана, Казахстан.
E-mail: baimagambetova.a@amu.kz

[4] Директор городской поликлиники № 1 Акимата города Астана, Астана, Казахстан. E-mail: met0803@mail.ru

Резюме

Удовлетворенность работой является важным показателем продуктивности труда, мотивации персонала и стабильности организации. Данный индикатор напрямую влияет на психическое и физическое здоровье сотрудников, эффективность их работы и общее качество функционирования организации. В Казахстане количество стандартизированных и надежных инструментов, применяемых для оценки удовлетворенности работой медицинских работников ограничено. В связи с этим перевод на казахский язык, культурная адаптация и оценка психометрических свойств опросника удовлетворенности работой (Job Satisfaction Survey (JSS)) являются важной задачей.

Цель исследования: провести перевод JSS на казахский язык, его культурную и языковую адаптацию, проверку его валидности и надежности, а также подтвердить практическую применимость данного инструмента для оценки уровня удовлетворенности работой медицинских работников в организациях первичной медико-санитарной помощи Казахстана.

Методы. Было проведено пилотное тестирование и основное исследование с участием 50 респондентов (21 врач и 29 медицинских сестер). Показатель внутренней согласованности оценивался с помощью коэффициента альфа Кронбаха, также оценивались общая объясненная дисперсия и результаты факторного анализа.

Результаты. Казахская версия опросника JSS продемонстрировала высокую внутреннюю согласованность (альфа Кронбаха = 0.87) и долю общей объясненной дисперсии — 72,4%. У участников не возникло трудностей с пониманием вопросов анкеты.

Выводы. Казахская версия опросника JSS полностью доказала, что является надежным, валидным и структурно устойчивым психометрическим инструментом, что позволяет использовать его для оценки удовлетворенности работой медицинских работников первичной медико-санитарной помощи в Казахстане.

Ключевые слова: первичная медико-санитарная помощь, удовлетворенность работой, опросник удовлетворенности работой, Job Satisfaction Survey, валидация, коэффициент надежности.

Cultural-Linguistic Adaptation and Validation of the Kazakh-language Version of the JSS Questionnaire for Assessing Job Satisfaction among Primary Health Care Workers

Assel Bainiyazova [1*], Galiya Orazova [2], Aigerim Baimagambetova [3], Yerlan Mussenov [4]

[1] Master's student at the School of Public Health and Management, Астана, Казакстан. E-mail: aselya_bai1991@mail.ru

[2] Associate Professor-researcher at the Department of Epidemiology and Biostatistics, Astana Medical University, Astana, Казакстан. E-mail: galiyaorazova@gmail.com

[3] Dean of the School of Public Health and Management, Astana Medical University, Astana, Kazakhstan. E-mail: baimagambetova.a@amu.kz

[4] Director of City Polyclinic No. 1 of the Akimat of Astana City, Kazakhstan. E-mail: met0803@mail.ru

Abstract

Job satisfaction is a crucial indicator of employee productivity, motivation, and organizational stability. This indicator directly impacts the mental and physical health of employees, their work efficiency, and the overall quality of organizational performance. In Kazakhstan, the availability of standardized and reliable tools for assessing health workers' job satisfaction remains limited. Therefore, the translation, cultural adaptation, and psychometric evaluation of the Job Satisfaction Survey (JSS) into the Kazakh language constitute a highly relevant task.

Aim: To translate the JSS questionnaire into Kazakh, adapt it culturally and linguistically, verify its validity and reliability, and confirm the practical applicability of this tool for assessing job satisfaction levels among healthcare professionals in primary health care (PHC) facilities in Kazakhstan.

Methods. A pilot validation study was conducted involving 50 respondents (21 physicians and 29 nurses). Internal consistency was evaluated using Cronbach's alpha, while construct validity was assessed through cumulative explained variance and exploratory factor analysis.

Results. The Kazakh version of the JSS questionnaire demonstrated high internal consistency (Cronbach's alpha = 0.87) and a cumulative explained variance of 72.4%. Participants reported no difficulties in understanding the survey items.

Conclusion. The Kazakh version of the JSS questionnaire has proven to be a reliable, valid, and structurally stable psychometric tool, enabling its application for evaluating job satisfaction among PHC health workers in Kazakhstan.

Keywords: primary health care, job satisfaction, Job Satisfaction Survey, validation, reliability coefficient.

https://doi.org/10.32921/2663-1776-2026-61-4-jhd081